

**Қол жүгін, теңдеме жүкті, жүкті, поштаны, борт тағамын, әуе кемесінің экипажын бақылау, тексеру мен жолаушылардың жеке басын тексерудің Ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 маусым N 723. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2013 № 1398 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі мен авиация қызметін пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қол жүгін, теңдеме жүкті, жүкті, поштаны, борт тағамын, әуе кемесінің экипажын бақылау, тексеру мен жолаушылардың жеке басын тексерудің Ережелері бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

орынбасары

Қ а з а қ с т а н    Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
1 9 9 6    ж ы л ғ ы    1 0    м а у с ы м д а ғ ы  
N    7 2 3    қ а у л ы с ы м е н  
БЕКІТІЛГЕН

**Қол жүгін, теңдеме жүкті, жүкті, поштаны, борт тағамын,  
әуе кемесінің экипажын бақылау, тексеру мен жолаушылардың  
жеке басын тексерудің**

**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Осы Қол жүгін, теңдеме жүкті, жүкті, поштаны, борт тағамын, әуе кемесінің экипажын бақылау, тексеру мен жолаушылардың жеке басын тексерудің Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 97-бабына, Халықаралық азаматтық авиация туралы Чикаго Конвенциясына (1944 жыл) сәйкес әзірленді.

Ереже қол жүгін, теңдеме жүкті, жүкті, поштаны, борт тағамын, әуе кемесінің

экипажын бақылау мен тексеру, ішкі және халықаралық желілерде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы Тізбе бойынша мемлекеттің лауазымды адамдарынан, сондай-ақ дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдардан басқа, жолаушылардың жеке басын тексеру тәртібін белгілейді. Бақылау мен тексерудің мақсаты ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолаушылардың, экипаж мүшелерінің, жер үстіндегі қызметкерлердің, халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау, әуежай құралдарын заңсыз араласу актілерінен қорғау болып табылады.

Халықаралық авиажелілерде қол жүгін, теңдеме жүкті бақылауды, тексеруді, жолаушылар мен әуе кемелері экипаждарының мүшелерін, сондай-ақ жүктерді, почтаны, борт тағамын жеке тексеруді Қазақстан Республикасы әуежайларының, кеден және шекара органдарының қызметкерлері жүргізеді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.27.**

**№ 1132 қаулысымен.**

2. Қол жүгін, теңдеме жүкті бақылау, тексеру және әуе кемесінің жолаушылары мен экипаж мүшелерінің жеке басын, сондай-ақ жүкті поштаны, борт тағамын тексеру азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға жолаушыларға тыйым салынған Қауіпті жүктер мен нәрселердің тізбесінде белгіленген қауіпті жүктер мен нәрселерді, сондай-ақ есірткінің барлық түрлерін (бұдан әрі - Тізбе) заңсыз алып жүруді болғызбау үшін жүргізіледі. Тізбені Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен келісілгеннен кейін мемлекеттік көлік басқармасының органы бекітеді.

**Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. № 1132 қаулысымен.**

3. Авиабилеттерді сату үшін бөлінген орындар, әуежайлардың (қалалық аэровокзалдардың) касса залдары Тізбемен, жолаушылардың құқықтары мен міндеттері бөлігі бойынша осы Ережеден алынған үзінділермен жабдықталады және жолаушылардың бәрінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

4. Қол жүгін, теңдеме жүкті, бақылау мен тексеру және жолаушыларды жеке тексеру ұшуға арналған билетті ұсыну бойынша жүргізіледі.<\*>

Қол жүгін, теңдеме жүгін және жеке басын тексеруден бас тартқан жолаушыларды тасымалдауға жол берілмейді.

Бақылау мен тексеру кезінде техникалық құралдар қолданылады.

Бақылау мен тексеруді ұйымдастыру үшін жауапкершілік авиакомпаниялар мен авиакәсіпорындарының басшыларына жүктеледі.

**Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. № 1132 қаулысымен.**

5. Қол жүгін, теңдеме жүгін бақылау, тексеру мен жолаушылардың жеке басын тексерудің алдында жолаушыға өзінде бар болуы мүмкін Тізбеде

белгіленген қауіпті жүктер мен нәрселерді көрсету жөнінде ұсыныс жасалуға  
т и і с .

Жолаушының өзі алып жүрген қол жүгін, теңдеме жүгін бақылау мен тексеру оның қатысуымен жүзеге асырылады. Кешіктіруге болмайтын жағдайда мұндай теңдеме жүк жолаушы жоқта қаралуы мүмкін.

6. Теңдеме жүкті ашу қажеттігіне байланысты жолаушы болмағанда теңдеме жүкті бақылау мен тексеру әуежайлар басшыларының, авиация қауіпсіздігі жөніндегі бастықтар орынбасарларының, тасымалдарды ұйымдастыру қызметінің, осы қызметтің ауысылымдары, қалалық аэровокзал, қызмет атқаратын аумағында әуежайлары (қалалық аэровокзалдар) бар милиция бөлімшелері бастықтарының, ал шекаралық және кедендік бақылау жасалатын әуежайлар аймақтарында - шекара әскерлері бақылау өткізу пункттері және кедендер (кеден бекеттері) бастықтарының дәлелді шешімі (жазбаша түрде баяндалған) бойынша жүргізіледі.

Аталған бастықтар жоқ кезінде тексеру туралы шешімді белгіленген тәртіппен олардың орнын басшы адамдар қабылдауы мүмкін.

Осы тармақта көзделген жағдайларда теңдеме жүкті қарап шығу екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырылып, тексеру хаттамасы ресімделеді. Теңдеме жүгін, қол жүгін немесе жолаушыларды тексеру кезінде азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған заттардың, жүктердің немесе нәрселердің табылу фактісі, сондай-ақ теңдеме жүкті ашу қажеттігіне байланысты тексеру актімен ресімделеді және арнаулы журналда тіркеледі.

7. Жолаушылардың жеке басын тексеру техникалық құралдармен бақылау тексерісінің белгілері бойынша, сондай-ақ авиация қауіпсіздігі қызметі мен құқық қорғау органдары лауазымды адамдарының дәлелді шешімдері бойынша азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған заттарды, жүктер мен нәрселерді табу үшін қажетті шегінде жүргізіледі.

Тексеру нәтижесі хаттамамен ресімделеді, оған тексеру туралы шешім қабылдаған адам, тексеру жүргізуші және жолаушы қол қояды.

8. Жолаушылардың жеке басын тексеруге және теңдеме жүкті ашу қажеттігіне байланысты жолаушы болмағанда теңдеме жүкті тексеруге осы Ережелердің 6-тармағында аталған лауазымды адамдардың, сондай-ақ олардың тапсыруы бойынша - әуежайларының (қалалық аэровокзалдардың) тасымалдары ұйымдастыру қызметінің диспетчерлері мен кезекшілерінің, милицияның қатардағы және басшы құрамы адамдарының, ал шекаралық және кедендік бақылау жүзеге асырылатын аймақтарында - шекара әскерлерінің бақылау-өткізу пунктерінің офицерлер құрамының адамдары мен прапорщиктерінің, кедендердің, (кеден бекеттерінің) бөлімдері бастықтарының, аға инспекторларының құқығы бар.

9. Осы Ережелердің 6-тармағында аталған лауазымды адамдардың тапсыруы бойынша қол жүгі мен теңдеме жүкті жолаушының қатысуымен тексеруді әуежайларының (қалалық аэровокзалдардың) тасымалдарды ұйымдастыру қызметінің арнайы бөлінген қызметкерлері (кезекшілері), шекаралық және кедендік бақылау жүзеге асырылатын әуежайлары аймақтарында - шекара әскерлерінің бақылау-өткізу пункттерінің бақылаушылары мен кедендерінің (кеден бекеттерінің) инспекторлары жүргізеді.

10. Жеке басты тексеруді сол тексерілетін жолаушымен бір жыныстағы адамдар ғана әуежайларда (қалалық автовокзалдарда) арнайы бөлінген, санитарлық және гигиеналық талаптарға сай келетін үй жайларында жүргізеді.

Бір үй-жайда бірнеше жолаушыны бір мезгілде тексеруге тыйым салынады.

11. Ұшып бара жатқан азаматтық әуе кемесінде қол жүгін, теңдеме жүкті тексеруді және жолаушылардың жеке басын тексеруді әуе кемесі командирінің шешімі бойынша экипаж құрамына кіретін адамдар жүргізе алады. Қол жүгін, теңдеме жүкті тексеру мен жолаушылардың жеке басын тексеру, қажет болғанда, жолаушылардың келісімінсіз жүргізілуі мүмкін.

12. Жолаушының жеке басын тексергенде немесе оның қол жүгі мен теңдеме жүгін тексергенде жолаушы заңсыз әкетуге тырысқан қауіпті заттар, жүктер мен нәрселер табыла қалған жағдайда жолаушы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

13. Егер қол жүгін, теңдеме жүкті тексерген кезде және жолаушының жеке басын тексергенде азаматтық әуе кемелерінде алып жүруге тыйым салынған заттар, жүктер мен нәрселер табылмаған болса, авиакәсіпорындарының лауазымды адамдары, сондай-ақ тексеру жүргізген басқа да адамдар жолаушыны билет алған рейсімен немесе кезекті рейспен жөнелтуді және оған келтірілген моральдық және материалдық залалдың Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өтелуін қамтамасыз ететін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

Тексеруге орай жөнелтудің кешіктірілуі себебі бойынша жолаушы ұшудан немесе ұшуды жалғастырудан бас тартқан жағдайда авиакәсіпорын оның талабы бойынша билеттің құнын толық немесе оның пайдаланылмаған бөлігін қайтаруға м і н д е т т і .

14. Қол жүгі мен теңдеме жүкке бақылау, тексеру, жолаушылардың және экипаж мүшелерінің жеке басына тексеру жүргізетін адамдар жолаушылармен қарым-қатынаста ықтиятты әрі сыпайы болуға және олардың қадір-қасиетін төмендететін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

Осы Ережелерді бұрмалауға кінәлі адамдар белгіленген тәртіппен жауап береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК